

Бақылау өлшемі (тексеріп қарау) АКТІСІ

Талдықорған қаласы




2019 жылғы «09» қазан

Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясы мүшесі Қанат Манамұратұлы Манамұратовтың 2019 жылғы 29 тамызындағы №02-16/11.1-330-Т Мемлекеттік аудит жүргізуге тапсырмасына сәйкес мемлекеттік аудит объектісі қызметінің жұмыс істеу тиімділігіне аудит жүргізу барысында «Алматы облысы кәсіпкерлік және индустриалдық – инновациялық даму басқармасы» мемлекеттік мекемесінде (Бұдан әрі-Мекеме) Тексеру комиссиясының қызметкерлері Абеубакиров Өркен, Шағжанов Жасқайрат және Кенесжан Бибігүл бас маман – мемлекеттік аудиторлары, Мекеме басшысының орынбасарлары А.Бакировтың пен С. Сабырбаевтың және әкімшілік бөлімінің басшысы Г.Берикбулованың қатысуымен 2017 жылдың 20 желтоқсандағы №74 келісім-шарты және осы келісім-шартқа жасалған 2017 жылдың 22 желтоқсандағы №1 қосымша келісімінің негізінде жасалған «Инвесторлар кеңесі» және Алматы облысында кәсіпкерлікті дамыту бойынша іс-шараны өткізу шеңберінде бейнеролик пен каталог әзірлеуге жұмсалған қаражаттардың анықтығын растау мақсатында бақылау өлшемі (тексеріп қарау) жүзеге асырылды. Жоғарыда аталған келісім-шарт пен қосымша келісімнің техникалық сипаттамасы бойынша төмендегі видеоматериалдар әзірленуі қажет болған:



1. Іс-шара туралы мемлекеттік және орыс тілінде - 2 проморолик;
2. Алматы облысының отандық тауар өндірушілері туралы – 1 фильм;
3. Алматы облысында кәсіпкерлікті дамыту мен бизнесті қолдау шаралары туралы – 1 фильм;
4. Басқарманың бизнесті және инвесторларды қолдау шаралары туралы қазақ және орыс тілдеріндегі 4 минутты презентациялық видеоролик;
5. Шағын және орта бизнесті қолдау шараларын дамыту туралы қазақ, орыс және ағылшын тіліндегі 1,5-2 минутты жарнамалық видео;
6. Мемлекетпен инвесторларды қолдау туралы қазақ, орыс және ағылшын тіліндегі 1,5-2 минутты жарнамалық видео.

Осы бақылау өлшеміне видеоматериалдарды зерттеуге лицензиясы немесе рұқсаты бар маман тартылмады. Бақылау өлшемі барысында, тек орыс тіліндегі 4 минуттық 1 дана видеоролик қана бар екені анықталды.


Тексеру комиссиясының қызметкерлері

   Ө. Абеубакиров
Ж. Шағжанов
Б. Кенесжан

Алматы облысы кәсіпкерлік және
индустриалдық – инновациялық
даму басқармасы басшысының
орынбасарлары

  А. Бакиров
С. Сабырбаев

Алматы облысы кәсіпкерлік және
индустриалдық – инновациялық
даму басқармасының бөлім
басшысы

 Г. Берикбулова

Акті 2 (екі) данадан 2 парақта жасалды:

- » «Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесіне;
- » Алматы облысы кәсіпкерлік және индустриалдық – инновациялық даму мемлекеттік мекемесіне.